

**«Ақмола облысы білім басқармасының Атбасар ауданы бойынша білім бөлімі  
Атбасар қаласының №7 жалпы орта білім беретін мектебі » КММ**

**Еңбекке баулу, бейнелеу өнері пәнінің берілуі (1 - 4 сыныптар)**

**АНЫҚТАМА**

**06-13.10.2025 ж**

**Мақсаты:**

Бастауыш сыныптарда еңбекке баулу мен бейнелеу өнері пәндерінің оқу үрдісіне енгізілу сапасын, оқу жоспарына сәйкестігін және сабақтың әдістемелік деңгейін анықтау.

**Бақылау нысаны:** 1-4 сыныптар

**Бақылау түрі:** жоспарлы бақылау

Қазан айының 6-13 аралығында 1-4сыныптарда бейнелеу өнері, еңбекке баулу пәндерінің берілу сапасы бақыланды.

1-4 сыныптарда 2025-2026 оқу жылының типтік оқу жоспарына сай еңбекке баулу пәніне және бейнелеу өнері пәніне 1 сағат бекітілген.

1-4 сыныптарда «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері» пәндері оқу жоспарына сәйкес жүргізіліп отыр. Сабақ кестесіне сәйкес аптасына 1 сағаттан берілген.

Сабақтар оқу бағдарламасы мен күнтізбелік-тақырыптық жоспарға сай өткізіледі.

Мұғалімдер оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған түрлі әдістерді тиімді қолдануда: сурет салу, коллаж жасау, қолданбалы өнер элементтері, қағазбен, табиғи материалдармен жұмыс.

Оқушылар белсенді, қызығушылығы жоғары. Жұмыстар эстетикалық талғаммен орындалады.

Қауіпсіздік техникасы ережелерінің сақталуы қамтамасыз етілген.

Сабақ барысында пән мұғалімдері АКТ мүмкіндіктері (видеоролик, суреттер, презентациялар) пайдаланады.